

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым



100038

13.06.2020 жс

2

0

2

0

**ИМАНГАЛИЕВА
РАУШАН БАЛИКБАЕВНА**

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған
облыстық мектеп-интернат» Сурдопедагог мұғалім*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

13.06.2020 жыл | № І00038

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «Мүмкіндігі шектеулі
балаларға арналған облыстық мектеп-интернат»
Сурдопедагог мұғалім Иманғалиева Раушан Баликбаевна*



Сөйлеу тілі есту қызметінің нашарлауына тікелей тәуелді. Естімейтін балалар нашар еститіндерге қарағанда даму деңгейі төмен. Естімейтін балалар сөйлеу тілін арнайы оқыту барысында ғана меңгереді, ал нашар еститіндер өздерінің есту қызметінің қалдығы көмегімен, сөздік қорын аз да болса жинай алады. Педагогикалық дерісті дұрыс ұйымдастыру үшін сөйлеу тілінің деңгейін, арнайы білім беру мекемесін анықтау мақсатында есту қызметінің деңгейін білу

қажет. Сөйлеу тілінің дамуына есту қызметінің бұзылу уақыты үлкен әсер етеді. Есту қызметі бала өмірінің қай кезеңінде болмасын бұзылуы мүмкін, сөйлеу тілінің деңгейі де осыған байланысты болады. Есту қызметі қанша ерте бұзылса, сонша сөйлеу тілінің деңгейі төмен болады. Мектеп жасына дейінгі нашар еститін балалардың сөйлеу тіл деңгейінің диапазоны кең; бала нақты заттарға қатыстырмай, жеке буындарды айтып, былдырлағаннан қысқа сөз тіркесіне тіпті аграмматизмді және онсыз сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлеу тілін меңгерген болуы да мүмкін. Бірақ есту қызметі бұзылған бала қарым-қатынастық сөйлеу тілі дамыған кезде де оның тілінде өзіндік ерекшеліктері болады. Дыбысталудың өзіндік бұзылушылықтары болады («жазылған» артикуляция, екпінді бұрып айту және т.б.).

Нашар еститін балаларда пассивті және активті сөздігінің көлемі қатысты, ал есту қызметі қалыпты мөлшерде пассивті сөздік қорынан әлде қайда басым болады. Есту қызметі бұзылған бала өзі сөйлеу тілінде қолданатын сөздерді ғана жақсы түсінеді. Бұл балалардың сөздігінде жалпы мағыналы сөздер болмайды (керемет, жеңіс, арман, еркін, байсалды және т.б.), сол сияқты бүтіннің бөліктерін білдіретін нақты сөздер де бар. Бала ұқсас заттардың атауын білмейді. Мысалы, үй деп шалашты да, ит үйшігін де атайды. Сол сияқты мағынасы мен дыбысталуы, ұқсас сөздерді ауыстырады (бақ-гүлзар және т.б.). Мағынасы ұқсас сөздер лексиконында қажетті сөздер болмағандықтан, есту қызметі көмегімен ажырата алмағандықтан акустикасы ұқсас дыбыстарды шатастырады.

Сөйлеу тілінің тәжірибесінің аздығы, сөздік қорының таяздығы және сөздің басы мен аяғын толық естімегендіктері тілдің грамматикалық құрылысын меңгеруге әсер етеді. Жиі кететін қателіктері тоқталып өтейік:

- синтаксистік байланыстың үйлесімділігі мен ережесінің бұзылуы;
- артық шылау сөздерін қосу, ауыстыру, қоспау;
- септік жалғауларын шатастыру;
- сөздерді дұрыс қолданбау;
- сөйлем мүшелерін тастап кету.

Нашар еститін балаларда сөздің дыбыстық құрамы туралы нақты түсініктері болмайды, бұл олардың дыбысты айтуы мен жазуынан байқалады. Бала сөзді бұрыс естігендіктен сөздерді өзгерген түрінде естерінде сақтайды, сондықтан да оны қате айтып, жазады. Жиі кездесетін қателіктер түрі:

- дыбыстарды араластырып жіберу (қатаң-үнді, ұяң және т.б.);
- аффрикат;
- дыбыстарды тастап кету;
- дара дыбыстардың орнын ауыстыру және қосу;
- сөздің екпін түспейтін бөлігін тастап кету.

Бала қаншалықты кіші болса, оның арнайы сабақ «өтілі» соншалықты аз, сондықтан да жіберетін қателері де көп болады. Сөйлеу тілінде синтаксистік құрылымдарды пайдалану, оның сөйлеу тілінің дамуына тәуелді болады.

Нашар еститін балалардың дауыс реңі кедей, сөйлеу тілі бірқалыпты, айқын емес, көңілсіз болады. Балалар жиі қайталап сұрайды, айтқан адамның артикуляциясын бақылайды. Балалардың көп бөлігі сөзге түсетін екпінді дұрыс қоя алмайды. Нашар еститін балалардың сөйлеу тілінде жіберетін қателіктері жазған кезде де қайталанады. Жазу барысында жіберілетін қателіктер есту қызметінің бұзылу түріне тәуелді: кондуктивті бұзылу кезеңінде төменгі және орташа жиіліктегі дыбыстарды (У, О, Ы, Р, Л, М, Н, Д, Г, Б, Х, Т, Ц, В, К), ал нейросенсорлық бұзылыстар кезінде жоғары жиіліктегі дыбыстарды жіктеу қиынға түседі (И, Ә, Ш, Ж, Ч, Щ, С, З, Ф), сондықтан көрсетілген дыбыстарды жазған кезде олар түсіп қалады, ауыстырылады немесе араласып кетеді.

Сөйлеу тілінің дамуына баланың мектепке дейінгі тәрбиесі үлкен әсер етеді. Балаға арнайы көмек қаншалықты ерте көрсетілсе, соғұрлым оның сөйлеу тілінің қалыптасуы дұрыс дамиды. Балалардың арнайы мекемелерге баруы (балабақша, есту қабілеті мен сөйлеу тілі бойынша зертхана жанында ашылған топқа және т.б.), сол сияқты олармен мақсатты бағытта жүргізілген жұмыс балалардың мектептегі даму деңгейіне әсер етеді.

Баланың сөйлеу тілінің дамуына оның тұрақты зейіні, салмақтылығы, есте сақтау қабілеті, зердесінің дамуы және жалпы дамуының әсері, оның арнайы педагогикалық жағдайда құрылған сөйлеу тілін жақсы және тез меңгеруіне себебін тигізеді.

Баламен жүргізілетін дамыту түзету жұмысын дер кезінде бастау үшін, баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ естуіне зер салу керек, қажетті көмек неғұрлым ерте басталса, бала еститін құрбыларынан көп артта қалмайды.

Оқыту барысында, қалдық есту қызметін дамытып, есту қызметінің жағдайын нақтылауға болады. Сонымен, тексеру кезінде балалардың дыбысты ойыншыққа, дауыс пен сыбырға және де аудиометриялық тексеру нәтижелерін жинақтай отырып, түзету жұмыстың бастапқы кезеңінде-ақ есту қызметінің нашарлау деңгейін бағалауға болады. Негізінде есту қызметі қалыпты мөлшерде, керендіктің жеңіл, орташа, ауыр түрі бар және саңырау балалар анықталады.

Есту қызметі қалыпты мөлшерде дамыған балалар барлық ойыншықтардың дыбысталуын және сыбырды 5 м қашықтықта естиді.

Жеңіл керендікті нашар еститін балалар ұсынылған барлық ойыншықтардың және сөйлеу дауысын 4м қашықтықтан, ал сыбырды құлақ қалқанынан 1,5-2м қашықтыққа дейін естиді. Аудиометриялық тексеру кезінде бұл балалардың қабылданған жиіліктегі 55 дБ дейінгі толық диапазонында есту қызметінің нашарлауы байқалады.

Ауыр керендікті нашар еститін балалар төменгі және орташа жиіліктегі ойыншықтар дыбысын 3-4м, ал биік жиіліктегіні құлақ қалқанынан 0,1-0,5м, сөйлеу дауысын 0,4-1м (сыбырды естімейді) қашықтықта естиді. Бұл балалардың есту қызметінің төмендеу диапазоны 4000-8000 Гц 75-85 дБ жиілік деңгейінде болады.

Саңырау балаларды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа қалдық есту қабілеті бар балалар жатады. Олар төменгі жиіліктегі, жоғары жиіліктегі ойыншықтардың дыбысталуын естімейді.

Олар сөйлеу дауысын құлақ қалқанынан 0,3м қашықтықта қабылдайды. Аудиометриялық зерттеуде қабылдайтын 2000-8000 Гц жиіліктегі 85-100 дБ диапазон деңгейінде есту қызметінің нашарлауы байқалады.

Екінші топқа қалдық есту қызметі өте аз балалар жатады. Олар төменгі жиіліктегі даңғара дыбысы мен құлақ түбінде айтылған сөздерді ғана қабылдайды. Бұл балаларда есту қызметі жиілігі тарылған диапазонында 100 дБ-ге дейін төмендеген.

Мектеп жасындағы балалардың есту қызметін тексеру

Бұл тексеруге бірнеше сөздер тізімі ұсынылады, әрбір нұсқада жоғары және төменгі жиіліктегі сөздер кездеседі.

Сөздердің дәйектілігі – берілуге арналған, қайталанатын, бірақ дара сөздер (бірден төртке дейін) әр түрлі тізімде кездесуі мүмкін, бір сөздің реттік нөмірі 10 сөздің арасында бір рет қайталады.

Мектеп оқушыларының есту қабілетін тексеру мектепке дейінгі балалардың есту қызметін тексеру әдісіне ұқсас. Берілген сөз әрбір құлаққа кезекпен қайталады.

Есту қызметі бұзылған балалардың көпшілігі сөйлемейді немесе өте нашар сөйлейді, сондықтан тапсырмалар вербальды емес түрде берілу қажет (ауызша түсіндіру пайдаланбайды). Орындалу жағдайы материалдың өзінде берілген немесе ишаратымен түсіндіріледі. Баланың іс-әрекеті оның жауабы ретінде беріледі.

1. Зерттеу немесе тексеру кезінде баланың жасын, оның моторлық, сенсорлық, ақыл-ой мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оған қажетті жайлы жағдайды ұйымдастыру.
2. Зерттеуді балаға оңай және қызықты жеңіл тапсырмалардан бастап, баланың жас және мүмкіншіліктеріне қарай біртіндеп күрделендіру қажет.
3. Баланы оның іс-әрекетін сөзбен, ишаратпен, ыммен оның тапсырманы қалай орындауына қарамай үнемі қолдау қажет.

Балалар тексерушілермен бірден қатынасқа бармайды және берілген тапсырманы орындауға кірісіп кетпейді. Жағымсыз қарым-қатынаста немесе шаршағанда тексеру тоқтатылады. Алғашқыда балаға оның жасына қарай 3-4 сынақтан артық беруге болмайды.

* * * * *

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖӘНЕ ДЫБЫСТАРДЫ АЙТУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САБАҒЫ

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «Мүмкіндігі шектеулі
балаларға арналған облыстық мектеп-интернат»
Сурдопедагог мұғалім Иманғалиева Раушан Баликбаевна*

ОҚУШЫМЕН ЖЕКЕ ЖҰМЫС

Тақырыбы: *«Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату.
Ш дыбысын буындарда, сөздерде дамыту»*

Міндеті:

Нашар еститін балалардың қалдық есту қабілетін дамыту мен дыбыстардың айтылуын оқу – тәрбие жұмыстарында іске асыру .

Мақсаттары:

1. Есту немесе көріп-есту арқылы сөздерді қабылдау, дыбыстарды анық, дұрыс айтуды қалыптастырып жетілдіру, ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру;
2. Тілдік және тілдік емес материалдарды естіп ажырату;
3. «Ш» дыбысын буындарда, сөздерде айтылуын бекіту.
4. Балалардың зейінін, ойлау және көру қабілеттерін арттыру, анық айтуға ынталандыру, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу;

Көрнекіліктер:

Кеспе сөздер, балалардың суреттері, жануарлар мен құстардың дыбыстары (компьютерлік презентация), Ш дыбысына суреттер, геометриялық пішіндер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсізбе! (амандасайық)
- Қалай естисің? Па –па-па; Та-то-ту
- Қазір сабаққа қонақтар келді, олармен де амандасайық.
- Сабақта не істейміз? (тыңдаймыз, оқимыз, айтамыз, көрсетеміз)
- Бұл кім? Суреттен көрсет. (Топтағы балалардың суреттен тауып, жанына есімі жазылған карточканы қояды.)
- Тақтаға қара, дыбыстарды қайтала. (А, О, У, Э, И, П-Б.....)
- Сана Неше доп? Неше ұшақ? Сана. Қай сан? Көрсет.
- Жақсы, отыр. (кеспе сөз)

Негізгі бөлім.

Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату.

Ойын «Ненің дауысы?»

Балалар жануарлардың дыбыстары жазылған аудиокөшірмені тыңдап, суреттен көрсету немесе аттарын кеспе сөзден тауып, атау керек. Мысалы: Ит, сиыр, тауық. Мұғалім балаларға таныс сөздерді айтады, ал бала оны суреттен көрсете отырып, қайталайды.

«Ш» дыбысын буындарда, сөздерде бекіту жұмыстары.

-Балалар суреттегі не? Жылан. Жылан қалай дыбыс шығарады?

ШШШШ ----- Ш ----- Ш-----Ш-----Ш

Ш дыбысын фонетикалық ырғақ арқылы, айтылуын қайталаймыз.

Кейін балалар үстел үстінде жатқан текшелерде жазылған буындарды оқып, қорапшаға салады.

Ш дыбысы бар сөздерді оқу.

Шана, шам, шопан, шие, алаша, шар. (ауызша-дактильмен)

Сергіту сәті «Бала, бала балапан»

Өткенді бекіту.

Ойын «Ойлан, тап!» (қағаз бетінде берілген суреттерді атауларын тыңдап, естіп, қайталап көрсетіп, көрсеткен суретін смайликпен жауып отырады.

Дидактикалық ойын «Көліктер».

(орындықта жапсырылған көліктердің атауларын оқып, атап, тақтадағы аспан, темір жол, тас жол және теңіздің суреттерінің жанына тауып қою керек).

- Бұл қандай жолмен жүретін көлік? (автобус тас жолмен жүреді)
- Бұл көлік қалай аталады? (ұшақ әуеде ұшады) т.с.с.
- Бір сөзбен қалай атаймыз? Жауабы.

Қорытынды.

- Сабақта не істедің?
- Тыңдадым, айттым, оқыдым, көрсеттім.
- Жақсы, жарайсың! Қоштас. Сау бол!

* * * * *